	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ Т.ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	ПК 017-08-2022
	Сапа саласындағы саясат	31.10.2022 ж.
		Бет 1 - 2

Қаралды:

Ғылыми кеңес отырысында
Хаттама № 1
«23» май 2023 ж.

Бекітемін:

«Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ
Ғылыми кеңес төрағасының
орынбасары
Ш.А. Әмірбеков
«23» май 2023 ж.



**Т. ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
АКАДЕМИЯСЫНЫҢ САПА САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТЫ**

ҚР МСМ «Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» республикалық мемлекеттік мекемесі (әрі қарай – Академия) Қазақстан мен Орталық Азияның көркемдік білім беру саласында танылған көшбасшы болып табылады.

Академия миссиясы: Қазақстан мен Орталық Азия өңірі халықтарының рухани - адамгершілік құндылықтарын құру, сақтау және дамыту үшін Өнер, мәдениет, білім беру және креативті индустрия саласында жоғары білікті кадрларды даярлау.

Көзқарас: Т. Жүргенов атындағы ҚазҰӨА – еліміздің және Орталық Азия өңірінің мәдениетін, өнері мен шығармашылық индустриясын дамытуға ықпал ететін, шығармашылық кадрларды сапалы көп деңгейлі даярлау үшін білім беру бағдарламаларын іске асыратын инновациялық білім беру, ғылыми-шығармашылық және мәдени-ағарту кластері.


Академия озық тәжірибенің қағидаттары мен практикасына толық берілген және ISO 9001:2015 «Сапа менеджменті жүйесі. Талаптар», ISO 37001:2016 «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесі» стандарттар талаптарына сай болады.

Академияның сапа менеджменті жүйесін қолдану саласы: **Жоғары білім беру саласында білім беру қызметтерін көрсету болып табылады.**

Академияның сапа менеджменті жүйесі Академияның даму стратегиясын қолдай отырып, жалпы өнімділікті өлшеуге және жақсартуға негіз береді, үнемі жетілдіруге ықпал етеді және тұтынушылар мен басқа да мүдделі тараптардың талаптарын орындауды қамтамасыз етеді.

Жоғары білім беру саласында үздіксіз және тұрақты білім беру қызметтерін ұсыну үшін академия басшылығы мен қызметкерлері міндеттемелер қабылдайды:

✓ Академияның тұтынушылардың талаптарына және қолданылатын заңнамалық, нормативтік-құқықтық талаптарға толық жауап беруін қамтамасыз ету;

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ	ПК 017-08-2022
	Т.ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	31.10.2022 ж.
Сапа саласындағы саясат		Бет 2 - 2

- ✓ Барлық мүдделі тараптардың талаптары мен үміттері туралы нақты түсінік беру;
- ✓ Процесс тәсілін және тәуекелге бағытталған ойлауды қолдануды насихаттау;
- ✓ Барлық персоналдың білім беру, дайындық және тәжірибе арқылы олардың қызметі саласындағы құзыреттілігін дамытуға жеткілікті дайындықпен және қолдаумен қамтамасыз етілуін қамтамасыз ету;
- ✓ Дұрыс жоспарлау және талдау арқылы бакалавриаттың, магистратураның және докторантураның білім беру процесін іске асыру үшін ресурстардың қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- ✓ Қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді мүдделер теңгерімін ескере отырып, жеткізушілермен, серіктестермен қарым-қатынасты сақтау және дамыту үшін міндеттемені сақтау;
- ✓ Басшылықтың Академия қызметін мониторингтеуге және бағалауға қатысуы арқылы сапа менеджменті жүйесін үнемі жақсарту мүмкіндіктеріне әсер ету;
- ✓ Академияның тұрақты дамуы үшін сапа саясаты негізінде өлшенетін мақсаттарды жоспарлау және белгілеу.